Бекітемін
мектеп директоры
Ахметов Қ. Қ.

«Балдырған» ШО
ата-анамен атқарылатын жұмыс жоспары
2024-2025 оқу жылы

№	Ата-аналар міндеті және құқығы	Уақыты	Атқарушы
	Жиналыс №1		
1	Ата-аналарды балабақша күн тәртібімен таныстыру.	Қыркүйек	Тәрбиеші
2	Оқу-іс әрекет түрлерімен танысу.		Ата-аналар ұйымы
3	Ортаңғы топ 3-жастағы балалардың психофизиологиялық ерекшеліктері.		
4	Ата-аналарға арналған сауалнама		
	Жиналыс №2		
1	Оқу-тәрбие жұмысындағы I тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.	Желтоқсан	Тәрбиеші
2	Жаңа жыл мерекесіне дайындық.		Ата-аналар ұйымы
3	Ата-аналарға арналған тренингтер		
	Жиналыс №3		
1	Оқу-тәрбие жұмысындағы II тоқсанның жетістігі.Мониторинг.Әңгіме	Ақпан	Тәрбиеші
2	8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.		Ата-аналар ұйымы
3	22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні		
4	«Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел		
	Жиналыс №4		
1	Оқу-тәрбие жұмысының III тоқсанындағы жетістік.Мониторинг.	Мамыр	Тәрбиеші
2	Жазғы демалысқа дайындық		Ата-аналар ұйымы
3	«Гүл шоғы» тренинг		

Scanner App Lite

Хаттама №1

«Балдырған» ШО 12.09.2024жыл

Қатысқаны: 8
Қатыспағаны: 2

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1.Танысу.Топпен,топтың атауымен, тәрбиешілерімен.
2. 2-3 жас ,4-5 жас топ бағдарласымен таныстыру.
3. Оқу іс-әрекет түрлерімен таныстыру.
4. Күн тәртібімен таныстыру
5. Ата-аналар төрайымын сайлау.
6. Ата-аналарға арналған ситуациялық сұрақтар.

Тыңдалды:

1.Ата-аналар жиналысын тәрбиешісі С.Казбекова ашып, ата-аналарды жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.Шағын орталыққа келген әрбір бала осы топта МАД-тобына барғанша дейін тәрбиеленеді, білім алады, жан-жақты дамиды, жетіледі.Балаларыңыз шағын орталыққа қабылданғаннан бастап тәрбиеші олармен жеке жұмыс жүргізеді. Олардың тілін дамыту үшін, логикалық ойлауын, жан-жақты дамуын қалыпт астыру мақсатында түрлі дидактикалық ойындар мен жұмыстар жүргізіледі. Шағын орталықтың бекітілген күн тәртібі арқылы балалармен уақытылы жұмыстар жасалып отырады,яғни таңертеңгілік жаттығу, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттері, серуен, ,ойын түрлері- барлығы өз уақытымен өткізіледі .Бұл топ балалары 2 пен 4 жас аралығында болғандықтан, 2-ші сәбилер тобы ,ортаңғы топ деп аталады. **2.** Тәрбиеші Казбекова ата-аналарға ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерімен таныстырды.қажетті оқу құралдарын айтты. Мерекелік ертеңгілігіміз өтіліп отырады. Мерекеде де, ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті жүргізіледі.Және де әр мереке сайын балаларға тақпақтар,өлеңдер,билер үйретіледі.Мерекеге сай балаларыңызды киіндіріп жіберіп отырасыздар және де келіп көрулеріңізге де болады.Әр ата-ана өз пікірін айтты.

4. Ата-аналарға ситуациялық сұрақтар қойылды.Әр ата-ана сауалға өз ойларын білдіріп, ортаға салды. Сұрақтарға ауызша жауап берді.

Ата-аналар арасынан бірауыздан ойласа келе, орталарынан қолы бос, жауапкершілігі мол ата-ана комитетін сайлады.

Олар: ата-ана комитетінің төрайымы: Айматова Г.М
Мүшелері: Ищанова А.Б
Амантурлейова Ш Ж.

Жиналыс қаулы етті:

1. Күн тәртібі қатаң сақталсын.
3. Іс -шараларына әр бала уақтылы қатыссын.

Хатшы: Жақсыбаева Г .

Scanner App Lite

Хаттама №2

12.12.2024 жыл

Қатысқаны: 7
Қатыспағаны: 2

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы I тоқсанның балалардың алған білімі мен кемшіліктері. Мониторинг.
2. «Қош келдің Жаңа жыл!» мерекесі.
3. Ата-аналарға арналған тест

Тыңдалды:

Ата-аналар жиналысын тәрбиеші Казбекова С ашып, ата-аналарды тәуелсіздік күнімен және де келе жатқан жаңа жыл мерекесімен шын жүректен құттықтай отырып,жаңа жыл жаңа қуанышымен келуін тіледі.

Тәрбиеші ата-аналарға шағын орталықтың күн тәртібін еске сала отырып,осы күн тәртібін қатаң түрде сақтауын өтінді.Яғни, балаларыңызды таңертеңгілік сағат 9-ға дейін алып келіп, таңғы жаттығуға қатыстыру керектігін айтты. себебі топта 9-дан 10-20 минут кеткенде оқу іс-әрекеттері басталуы тиіс.

Казбекова С топтағы балалардың үлгерімі мен тәртібін айтып балалардың істеген жұмыстарымен таныстырды..Оқу жылының бірінші жарты жылдығындағы өтілген оқу іс-әрекет барысындағы әр балалардың жеткен жетістіктерін айта отырып, ата-аналарға қыркүйек айындағы мониторинг нәтижесімен таныстырды..

Топтағы балалардың жаңа жылдық ертеңгілікке дайындығын айтып, әр баланың мерекеге сәйкес киетін костюмдерін ата-аналарға тапсырды. Жаңа жылдық мерекені ата-аналардың келіп тамашалауына болатындығын айтты.Балалардың жаңа жылдық сыйлықтарын ата-аналар бірауыздарын ойласа келіп шешіп қабылдады..

Тәрбиеші ата-аналарға арнап дайындаған «Өнегелі отбасы».ассоциаясын ұсынды.Ата-аналар өз пікірлерін білдіріп, сұрақтарға жауап берді.

Қаулы:

1. Бала үлгерімінің жоғарылауына ата-ана да өз үлесін қоссын.
2. Жаңа жыл мерекесіне сәйкес әр балаға мерекелік костюм кигізілсін.

Хатшы: Жақсыбаеыв Г.
Төрайымы: Айматова Г.М

Scanner App Lite

Хаттама №3

Балдырған ШО 16.02.2025жыл

Қатысқаны: 7
Қатыспағаны: 3

Ата-аналармен күн тәртібінде қаралған мәселе:

1. Оқу-тәрбие жұмысындағы II тоқсанның жетістігі және кемшілігі.Мониторинг.
2. 8-наурыз-халықаралық әйелдер мерекесі.
3. 22-наурыз-Ұлыстың ұлы күні.
4. «Алғашқы ұстаз-ата-ана» дөңгелек үстел

Тыңдалды:

Топ тәрбиешілері аналарды, әжелерді 8-наурыз мерекесімен құттықтады.Бірінші мәселе бойынша, тәрбиеші С.Казбекова балалардың II тоқсан жетістігімен таныстырды, мониторг көрсеткіші бойынша әр баланың деңгейіне тоқталып өтті. Балалардың алғашқы оқу жылына қарағанда, деңгейі біршама көтерілген, яғни балалар өз еркімен киінуді, киімдерін ұқыпты етіп жинастыруды, сәлемдесуді, қоштасуды үйреніп, жақсы-жаман қасиеттердің ара жігін ажырата алуды меңгерді.Қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстау нормаларын үйренді. Өзінің атын, тұрмыстық заттар мен жануарлардың аттарын атайды. Тақпақтарды, қысқа өлеңдерді жатқа айтады.

Екінші мәселе бойынша, топ тәрбиешілері ата-аналарға көктем мезгілінің алғашқы айы - наурызда болғалы отырған екі арнаулы мерекеге балаларды дайындап жатқандарын айтып өтті.

8-наурыз мерекесі ертегі желісімен алынып, ертегі кейіпкерлеріне арнап косюмдердің тігіліп жатқанын айтты. Балалардың барлығы тақпақтар айтып, ән салып, би де билейді. Балаларыңызды мерекеге сай киіндіріп әкеліңіздер деп тапсырды.

22-наурыз-«Ұлыстың ұлы күні» мерекесіне де балалардың ертеңгілік іс-шарасы болатынын және де балаларды ұлттық киімдермен әкелу керектігін айтып өтті.Балалар тақпақ, ән айтып, би билеп, өнер көрсетеді.Мерекеде балалар наурыз көжеден дәм татады. Наурыз мерекесіне ата-аналардың да қатысып көрулеріне болатынын айтты. Ата-ана пікірі тыңдалды.

Жиналыс соңында ата-аналармен дөңгелек үстел өткізілді. «Алғашқы ұстаз - ата-ана» атты тақырыпта ата-аналар арасында пікірталас жүргізілді. Әр ата-ана өз ойын ортаға салды. Пікірталас соңында, қорытынды есебінде тәрбиеші ата-аналарға «Алғашқы ұстаз – ата-ана» баяндама оқып берді.

Қаулы:

1. Топ балаларымен одан әрі қарай да жұмыс жасалсын.
2. Әр бала мерекеге сәйкес киіндірілсін.

Хатшы: Жақсыбаева Г.

Scanner App Lite

Талдық негізгі орта білім беретін мектебі

2024-2025 оқу жылы

«Балдырған» шағын орталығының жылдық қортынды есебі

Балдырған ШО-да Бір топта 10-тәрбиеленуші бар.

4-5 жас аралығындағы бала саны 1,

3-4-жас аралығындағы бала саны 4

2-3 жас аралығындағы бала саны 5

Оқыту мен тәрбиелеу үрдісі.Қазақстан Республикасының Мектепке дейінгітәрбие мен оқытудың үлгілік бағдарламасын негізге ала отырып оқу жылының басында мақсат- міндеттер айқындалды.Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2024-2025 оқу жылында тәрбиелеу мен білім процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хат негізге алынып,ұйымдастырылғаніс –әрекетінің жоспары құрылды Тақырыптық перспективалық жоспар бекітілді және күн тәртібі ,ата-аналармен жұмыс жоспары бекітілді.Балалардың жалпы даму көрсеткіші қыркүйек айымен салыстырғанда бастапқы бақылау нәтижесінің көрсеткіші өзгерген.

Физикалық қасииеттерді дамыту бойынша Жүруде тепе-теңдік сақтайды әртүрлі бағытта жылдамдықпен ,баяу,жылдам орташа қарқынмен тоқтамай жүреді ,жүгіреді.

Коммуникативтік дағдылар бойынша сөйлегенде зат есімдерді ,сын есімдерді үстеулер мен көп мағыналы сөздерді,синонимдер мен антонимдерді қоданады.зат есімдерді, сан есімдерді,сын есімдердізат есімммен байланыстырып айтады .Қазақ халқының құндылықтарын құрметтейді,

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту Қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерді . Кіші жас тобындағы балалар үшін сенсорика бойынша заттарды, ойыншықтарды өз бетінше зерттеуіне көңіл бөлініп олардың түсін, пішінін, көлемін ажыратып, салыстыра білуге үйретілді.ересек топ 10-көлеміндегі сандарды санау біледі,қанша?, нешінші? сұрақтарына жауап береді,геометриялық пішіндерді (дөңгелек. төртбұрыш,үшбұрыш,шаршы)ажыратады және атайды.

Шығармашылық дағдыларын дамыту бойынша Сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру күн сайын тек ұйымдастырылған іс-әрекеттерінде ғана емес, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, басқа уақытта да ұйымдастырылды. Балалар айналадағы болып жатқан оқиғаларды ой елегінен өткізіп, тәжірибе жинақтауы және дағдыларды игеруі үшін бейнелеу құралдарын қолданып, бейнелерді, құрастыруларды өз бетінше жасау дағдыларын меңгерді ,бояуларды, ермексазды өз бетінше қолдана алады. Балалар жас ерекшеліктеріне қарай, музыканы тыңдау, ән айту, әндерді жаттау, ырғақты-музыкалық қимылдарды жасау дағдыларын меңгерді

Әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыптастыру жауапкершілік пен еңбекқорлықты маңызын түсінеді.Туыстық байланыстарды біледі,үлкендерді сыйлайды ,кішіге қамқорлық көрсетеді.Тұратын ауылы туралы біледі,Қазақстан Республикасы мемлекеттік рәміздері, бас қаласы туралы түсінеді.Әнұранды жатқа біледі.

Scanner App Lite

Биылғы оқу жылында ортаңғы топ тәрбиеленушілері Білімқұмар балаларға арналған Республикалық «Үркер» зияткерлік марафонына қатысып **І-дәрежелі дипломмен** Құлахмет Нарул ,Бауыржан Нұрхан ,Берік Гүлім марапатталды. Біртұтас тәрбие бағдарламасы» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша ұйымдастырылған «Шырша ойыншықтары» атты онлайн байқауға қатысқан Берік Гүлімжүлделі орын иеленді.

.Жоспар бойынша тәрбие сағаттары мен бірге мерекелік іс-шаралар мен ашық сабақ ертеңгіліктер ұйымдастырылды.

Қыркүйек айында 1-қыркүйек білім күніне арналған «Білім күні» атты тәрбиелік түсіндірме сағат өткізілді. «Ұлттық ойын-ұлт қазынасы» тақырыбында ұлттық ойындардан сайыс тәрбиеленушілер арасында ұйымдастырылды.Қауіпсіздік ережелері туралы дидактикалық сюжеттік ойындар ұйымдастырылып,ата-аналар бұрышына стенді шығарылды

Қазан айында «Табиғат бұрышы» жаңа гүлдермен толықтырылып. ,Кітап бұрышына балаларға арналған ертегілер мен журналдар ,ертегі кейіпкердерінің суреттерімен қойылды

Қараша айында «Күз сыйы атты көрме өткізілді

Желтоқсан айында тәуелсіздік күніне арналған «Республикам мақтанышым» тақырыбында тәрбие сағаты, «Келді міне, Жаңа Жыл» тақырыбында ертеңгілік ұйымдастырылды.

Ақпан айында «Ертегілер елінде» тақырыбында сюжеттік рөлік ойындар байқауы ұйымдастырылды.

Наурыз айында «Асыл ана,ардақты әже» тақырыбында ертеңгілік,»Наурыз –жыл басы»тақырыбында мерекелік іс-шара өтті

Сәуір айында «Ғарыш әлемі» тақырыбында ашық тәрбие сағаты өтті

Мамыр айында «Достығымыз жарасқан» тақырыбында ертеңгілік

Маусым айының 1-күні «Бақытты балалық » балаларды қорғау күніне арналған мерекелік іс -шара ұйымдастырылып.спорттық, дамытушы ойындардан сайыс өтті.

Жазғы сауықтыру жұмыстары перспективалық жоспар бойынша бойынша жүргізілді.

Тәрбиеші С.Казбекова

Scanner App Lite